КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 25 қараша №7119-24-00-2/14317 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.К. Кусманова оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
Рахимбеков Азамат Аблайханович «Рахимбеков» Жеке кәсіпкері
Мұқышов Мәди Мейрамбекұлы «МҰҚЫШОВ МӘДИ» Жеке кәсіпкері
«Глобал Поставка» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің, 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Астана су арнасы» шаруашылық жүргізу құқындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны жауапкерлер Рахимбеков Азамат Аблайханович «Рахимбеков» Жеке кәсіпкерді, Мұқышов Мәди Мейрамбекұлы «МҰҚЫШОВ МӘДИ» Жеке кәсіпкерді, «Глобал Поставка» жауапкершілігі шектеулі серіктестікті мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тануы туралы талап қою арызы толық қанағаттандырылсын.

Рахимбеков Азамат Аблайханович «Рахимбеков» Жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Мұқышов Мәди Мейрамбекұлы «МҰҚЫШОВ МӘДИ» Жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

«Глобал Поставка» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Рахимбеков Азамат Аблайханович «Рахимбеков» Жеке кәсіпкерден мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Мұқышов Мәди Мейрамбекұлы «МҰҚЫШОВ МӘДИ» Жеке кәсіпкерден мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Глобал Поставка» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктен мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.К. Кусманова**

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 25.11.2024

Заңды күшіне енген күні: 05.01.2025, судья Сарсекеев К. Б., 21.01.2025